

ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ

Шығыс Қазақстан облыстық әділет басқармасы жаңа мекемеге өткен жылдың тамыз айында қоныстанды. Бірақ оны күрделі жөндеуден өткізу, басқарма бастығы Есберген Оразұлы Алаухановтың ойға алғанындай жүзеге асыру үшін аз қаржы кетпеді. Облыс әкімі В. Метте заң қызметкерлеріне он миллион теңге қаржы тауып берді. Іскер азаматтар да қолұшын созды. Нәтижесінде қазіргі заманға сай әсем де, кірсе шыққысыз мекеме өз есігін айқара ашты.

Төртінші қабаттағы жалпы алаңы 108 шаршы метр кең алаң бұрын бос жататын. Енді ол облыстық әділет басқармасының мұражайына айналды. Өткенге көз салып, тарихты жаңғыртқанға не жетсін. Мұражайда 1918 жылдан бергі мұрағаттар мен тарихи сәні кетпес ескерткіш кітаптар, суреттер, Шығыс Қазақстан облысындағы әділет саласында еңбек сіңірген ардагерлердің естеліктері мен суреттері ілінген. Оның әрқайсысының өмірбаяны бір тарих.

Әділет басқармасы мұражайының ашылуы және оның күрделі жөндеуден өткізілуіне байланысты жақында мұнда салтанатты рәсім болып өтті: Алқызыл лентаны соғыс және еңбек ардагерлері О. Малдыбаев пен Н. Воронин, облыс әкімінің орынбасары Т. Абайділдин қиған соң, жиналғандар төрт қабатты ғимаратты аралап көрді. Мұндағы ақпарат аймақтық құқықтық орталығы, құқықты насихаттау және мемлекеттік тілді дамыту бөлімі, компьютерлік орталық, тағы басқа бөлмелер осы заманғы жаңа қондырғылармен жабдықталған. Соңынан облыстық әділет басқармасының бастығы Е. Алауханов пен облыс прокуроры М. Пақырдинов таяуда ғана Алматыдан жарық көрген "Қылмыскерден қалай құтылу керек?" деген ғылыми кітабын көпшілікке қолтанба беріп, таратты.

Өскемен.

О. ЕСІМБЕК.



СУРЕТТЕРДЕ: облыс әкімінің орынбасары Т. АБАЙ-ДІЛДИН, облыстық әділет басқармасының бастығы Е. АЛАУХАНОВ мұражайды ашу салтанатында.

Суреттерді түсірген: *Ф. СӘБИТОВ.*